ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ

**ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ КОМИТЕТІ**

МИНИСТЕРСТВО ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

**КОМИТЕТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА**

010000, Астана қаласы, Жеңіс даңғылы, 11
тел.: 8(7172) 71-81-03 қабылдау бөлімі
тел.: 8(7172) 71-77-67, факс: 8(7172) 71-81-04

010000, город Астана, Проспект Победы, 11
тел.: 8(7172) 71-81-03 приёмная
тел.: 8(7172) 71-77-67, факс: 8(7172) 71-81-04

23.04.2019г. № КВГА-13

**«Raiymbek & company» ЖШС-і
директоры
Б. Анарбековқа**

Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит Комитеті Сіздің 2018 жылғы 9 сәуірдегі № 38047 және № 38021 арыздарыңыздың негізінде ашық конкурс тәсілімен өткізілген № 3084879-1 «Шымкент қаласы Асар-2 шағынауданында инженерлік желілердің 10/0,4кВ электр жүйелерінің құрылысы» жұмыстарына техникалық қадағалау қызметі» мемлекеттік сатып алулары бойынша камералдық бақылауы жүргізіліп, Сіздің арызда көрсетілген уәждер жартылай расталды.

Расталмаған уәждер бойынша келесіні хабарлаймыз.

Техникалық сипаттамада келесі талаптар қойылған «Бақылау мен сынауды бұзылмайтын әдісімен жасалатын құрал-жабдықтармен қолдануға құқығы бар білікті жұмысшылар (мамандар) 3 жылдық жұмыс тәжірибесі болуы қажет».

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы Қағидаларының Конкурстық құжаттамаға 6-қосымшаның Біліктілігі туралы мәліметтерінің Ескертуінің 4 тармағына сәйкес, жұмыс тәжірибесі бойынша талап бар болған жағдайда, қызметкердің жұмыс тәжірибесін растайтын құжат аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан үзінді көшірмелер немесе жүргізілген әлеуметтік аударымдар туралы Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан мәліметтер және Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексінің 35-бабы 1), 2), 3), 4), 5) және 8) тармақшаларымен көрсетілген құжаттардың бірі электрондық көшірмелері болып табылады.

Алайда, камералдық бақылау барысында Сіздің конкурстық өтініміңізде мәлімденген бақылау мен сынауды бұзылмайтын әдісімен жасалатын құрал-жабдықтармен қолдануға құқығы бар жұмысшылардың 3 жылдық біліктілігі расталмаған.

Осыған байланысты, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы Қағидаларының 150 тармағына сәйкес, конкурстық комиссия Сіздің конкурстық өтініміңізді алдында айтылған біліктілік талаптарына сәйкес келмеуіне байланысты заңды түрде конкурсқа қатысудан бас

тартылды, ал қалған ауытқу себептері бойынша заңсыз түрде қатысудан бас тартылды.

Камералдық бақылау қорытындысы бойынша Комитет камералдық бақылау жүргізу ережелеріне сәйкес шаралар қолданады.

Камералдық бақылау Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 598 бұйрығымен бекітілген Камералдық бақылауды жүргізу Ережесінің 19-тармағына сәйкес жүргізілді.

Жауаппен келіспеген жағдайда, Сіз «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабына сәйкес өтінішіңізді қарау нәтижелері бойынша қабылданған шешімге заңнамада белгіленген тәртіппен шағымдануға құқылысыз.

Бұл ретте, Заңның 47-бабының 9-тармағына сәйкес дауларды сотқа дейінгі реттеу тәртібі міндетті болып табылады.

Төрағаның орынбасары /подписано/ Ш. Шайназарова

Орын. Бөкейханов Ә.
Тел. 71-78-73